

**"2020-2022 жылдарға арналған Қарашеңгел ауылдық округінің бюджеті туралы"  
Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №361 шешіміне  
өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 наурыздағы № 390 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 наурызда № 7296 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7 тармағына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Қарашеңгел ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 361 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7187 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Қарашеңгел ауылдық округі бюджеті 1, 2, 3 - қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 146809 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1577 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 145232 мың теңге;

2) шығындар – 146809 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 0."

3 тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) мәдениет саласы 1319 мың теңге."

Аталған шешімнің 1 - қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазалы аудандық мәслихатының  
кезектен тыс ІІІ сессиясының төрағасы

Ғ. ӘЛІШ

Қазалы аудандық  
мәслихат хатшысы

К. НАЗЫМБЕКОВ

Қазалы аудандық мәслихатының 2020  
жылғы 6 наурызы №390 шешіміне  
қосымша

Қазалы аудандық мәслихатының 2019  
жылғы 26 желтоқсандағы №361  
шешіміне 1 қосымша

## 2020 жылға арналған Қарашеңгел ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың тенге
		Кіші сыныбы		
		Атауы		
			1. Кірістер	146809
1			Салықтық түсімдер	1577
	04		Меншікке салынатын салықтар	1577
		1	Мүлікке салынатын салықтар	14
		3	Жер салығы	391
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1172
4			Трансферттердің түсімдері	145232
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	145232
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	145232
<b>Функционалдық топ</b>				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			

			Атауы	
			2. Шығындар	146809
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	29469
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	29469
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	29469
4			Білім беру	93192
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	93192
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	93192
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2695
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	2695
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1231
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	500
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	964
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	21453
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	21453

		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	21453
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	( 0
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	( 0